

## Бағалы қағаздар рыногы туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 наурыздағы N 77 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі N 461-ІІ Заңымен

Осы Заңмен эмиссиялық бағалы қағаздардың шығарылуы мен айналыста болуы, бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің қызметін жүзеге асыру, бағалы қағаздар рыногын мемлекеттік реттеу процесінде туындайтын қатынастар р е т т е л е д і .

**ЕСКЕРТУ.** Кіріспе өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.06.03. N 427 Заңымен.

## I тарау. Жалпы ережелер

### **1-бап. Бағалы қағаздар рыногы туралы Қазақстан Республикасының заңдары**

Бағалы қағаздар рыногы туралы Қазақстан Республикасының заңдары осы заңнан бағалы қағаздар шығаруға және олардың айналысына байланысты құқықтық қатынастарды реттейтін өзге де заңдардан, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілерінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес шығарылатын мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

### **2-бап. Негізгі ұғымдар**

Бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) **агенттік облигация** - уәкілетті орган белгілеген тәртіппен қаржы агенттігі шығарған облигация; < \* >

2) **антеррайтер** - бағалы қағаздар рыногында делдалдық және дилерлік қызметке лицензиясы бар және эмитенттің бағалы қағаздарын онымен жасасқан ережелеріне сай орналастыруды жүзеге асыратын заңды тұлға;

3) **бағалы қағаздар рыногы субъектісінің аффилирленген тұлғасы** - шешімді тікелей және (немесе) жанама айқындауға және (немесе) бағалы қағаздар рыногы субъектісі қабылдаған шешімге, оның ішінде ауызша шартты қоса алғанда, шарттың немесе өзге де мәміленің күшіне әсер етуге мүмкіндігі бар тұлға (өзіне берілген өкілеттік шегінде осы тұлғаның қызметін реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды қоспағанда), сондай-ақ осындай құқығы бар бағалы қағаздар рыногы субъектісіне қатысты кез келген тұлға; < \* >

4) **брокер** - сыйақы үшін шарт негізінде іс-қимыл жасайтын, клиенттердің тапсырмасы бойынша, солардың есебінен және мүдделерін көздеп бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелерді жүзеге асырушы кәсіби қатысушы; <\*>

5) **бағалы қағаздардың қайталама рыногы** - бағалы қағаздардың айналысы процесінде бағалы қағаздар рыногының субъектілері арасында қалыптасатын қатынастар, бұған бағалы қағаздардың бастапқы рыногының қатынастары қ о с ы л м а й д ы ; < \* >

6) **бағалы қағаздарды материалсыздандыру** - бағалы қағаздармен куәландырылатын мүліктік құқықтарды растау әдісін өзгерту, бұл орайда арнаулы тізілімдердегі жазбалар бұл құқықтарды растау болып табылады;

7) **бағалы қағаздар депозитарийі** - бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді есепке алу және оларды орындау, сондай-ақ бағалы қағаздарды материалсыздандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын мамандандырылған ұ й ы м ;

8) **депонент** - депозитарийдің клиенті болып табылатын тұлға, ол бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерге қызмет көрсету жөніндегі депозитарийдің қызметтерін шарт негізінде пайдаланады;

9) **бағалы қағаз ұстаушы** - бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімдерін жүргізу жүйесінде тіркелген және осы бағалы қағазбен куәландырылған мүліктік құқықтарды иеленген тұлға; < \* >

10) **дилер** - бағалы қағаздарды кейін қайта сату немесе олармен өзге де мәмілелер жасау нәтижесінде пайда табу мақсатымен баға кесуді ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногына шығару және (немесе) оларды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы өз атынан және өз есебінен бағалы қағаздармен мәмілелер жасайтын кәсіпқой қатысушы; <\*>

11) **инвестор** - қаражатын бағалы қағаздарға салуды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға; < \* >

12) институционалдық инвестор - өзі тартқан ақшаларды заңдарға сәйкес бағалы қағаздарға және өзге де қаржы құралдарына инвестициялайтын заңды т ұ л ғ а ; < \* >

ипотекалық облигация - ипотекалық қарыз шарттары бойынша талап ету құқығы кепілімен (ипотекалық куәліктер кепілін қоса алғанда), сондай-ақ тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленетін өзге де жоғары өтімді активтермен қамтамасыз етілген облигация; <\*>

13) **кастодиан** - бағалы қағаздар бойынша құқықтарды тіркеу және олардың есебін жүргізу, құжатты бағалы қағаздарды сақтау және клиенттердің ақшаларына есеп жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын кәсіби қатысушы; < \* >

14) **бағалы қағаздармен операциялар жүргізу жөніндегі клиринг** - бағалы

қағаздармен мәміле жасаудың нәтижесінде жүзеге асырылатын есеп айырысуға қатысушы тараптардың өзара талаптары мен міндеттемелерін есепке алу;

15) **баға кесу** - қор биржасында және басқа да ұйымдасқан бағалы қағаздар рыноктарында бағалы қағаздардың бағамын (рыноктық бағасын) белгілеу;

16) **биржадан тыс бағалы қағаздар рыногындағы баға кесу ұйымы** - бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушылары құратын, заңды тұлға мәртебесі бар, бағалы қағаздарға баға кесу және биржадан тыс рынок айналысындағы бағалы қағаздармен сауда жасауды техникалық жағынан қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйым;

17) листинг - бағалы қағаздарды сауда-саттық ұйымдастырушының ережелерінде белгіленген тәртіппен сауда-саттық ұйымдастырушының бағалы қағаздар тізіміне енгізу; <\*>

18) **бағалы қағаздарды бір ізге түсірудің ұлттық жүйесі (NSIN)** - Қазақстан Республикасы аумағында айналымға жіберілген бағалы қағаздарды әріптік-сандық кодификациялау жүйесі; <\*>

19) **ұйымдастырылмаған рынок** - мәміле нысанасына және оның қатысушыларына ұйымдастырылған рынок талаптарына сақтамай бағалы қағаздармен мәмілелер жүзеге асырылатын бағалы қағаздар айналымы өрісі;

20) облигацияның нақтылы құны - облигация құнының оны шығару проспектінде айқындалған ақшалай көрінісі; <\*>

21) **нақтылы ұстаушы** - шартқа сәйкес және бағалы қағаздар иесінің мүдделерін көздеп, өз атынан және меншік иесі есебінен бағалы қағаздармен операцияларды жүзеге асыратын кәсіпқой қатысушысы;

22) **бағалы қағаздар айналысы** - бағалы қағаздармен азаматтық-құқықтық мәмілелер жасасу;

қамтамасыз етілген облигация - эмитент міндеттемелерін орындау кепілмен, кепілдік берумен және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де тәсілдермен қамтамасыз етілген облигация; <\*>

23) **бағалы қағаздардың ұйымдасқан рыногы** - бағалы қағаздардың айналым өрісі, онда бағалы қағаздармен мәміле жасау қолданылып жүрген заңдарға сәйкес сол мәмілелерге қатысушылар үшін сауда-саттықты ұйымдастырушылар белгілеген рәсіммен және шарттармен реттелген;

24) **бағалы қағаздардың бастапқы рыногы** - бағалы қағаздарды шығару және орналастыру процестерінде, бір жағынан, эмитенттің немесе оның тапсыруы бойынша бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушысының және, екінші жағынан, инвесторлардың арасында қалыптасатын қатынастар;

25) **бағалы қағаздар портфелі** - бағалы қағаздар рыногы субъектісінің меншігіндегі не сенімгерлікпен басқаруындағы әртүрлі бағалы қағаздардың және

өзге де қаржы құралдарының жиынтығы; <\*>

26) **бұйрық** - бағалы қағаздарды ұстаушы немесе сатып алушы бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушысына беретін, бағалы қағаздармен мәміле жасасуға негізделген және бағалы қағаздармен операцияларды жүзеге асыруға арналған бағалы қағаздар мен ақша жөніндегі белгілі бір іс-әрекетті жүзеге асыру жөнінде нұсқаудан тұратын стандарттық үлгідегі құжат;

27) **шығарылым проспекті** - эмитент, оның қаржылық жай-күйі және шығарылған бағалы қағаздар туралы ақпараттан тұратын құжаттар жиынтығы; <\*>

28) **бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушылары** - бағалы қағаздар рыногында кәсіпқой қызметтің бір немесе бірнеше түрін жүзеге асыруға лицензиясы бар заңды тұлғалар;

29) **туынды бағалы қағаздар** - басқа бағалы қағаздар арқылы білдіріп құнға ие болатын бағалы қағаздар;

30) **тіркеуші** - бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын кәсіби қатысушы; <\*>

31) **өзін-өзі реттейтін ұйым** - бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті жүзеге асырудың бірыңғай ережелерін (стандарттарын) әзірлеу және қабылдау мақсатында бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары құрған ұйым; <\*>

32) **өзіндік капитал** - шаруашылық жүргізуші субъектінің өз міндеттемелерін шегеріп тастағаннан кейінгі активтері;

33) **бағалы қағаздар шығарылымының құрылымы** - шығарылатын бағалы қағаздардың саны, олардың түрі, сондай-ақ орналастырылу бағасы (нақтылы құны) туралы мәліметтер; <\*>

34) **трансфер-агент** - бағалы қағаздар рыногында азаматтық-құқықтық мәмілелерді жүзеге асыру процесінде ақпараттар (құжаттар) қабылдау мен беру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын кәсіби қатысушы; <\*>

35) **бағалы қағаздар портфелін басқарушы** - бағалы қағаздарды, өзге де қаржы құралдарын, сондай-ақ оларды сатып алуға арналған ақшаларды сенімгерлікпен басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын кәсіби қатысушы; <\*>

36) **қаржы агенттігі** - банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен экономиканың белгілі бір саласында мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруға уәкілеттік берілген және осы мақсатта капиталдың ішкі және сыртқы рыноктарынан қарыз алуды жүзеге асыратын ұйым. Қаржы агенттігіне мәртебе беру тәртібін және қаржы агенттігінің қызметіне қойылатын талаптарды уәкілетті орган белгілейді; <\*>

37) **қаржы құралы** - тұтыну құны оның айналыс және (немесе) төлем құралы

ретінде пайдаланылу мүмкіндігімен айқындалатын және ұлттық валютаға айырбасталу қабылеттілігін иеленген актив түрі; <\*>

38) **қор биржасы** - қызметінің ерекше түрі қаржы құралдарымен сауда жасауды ұйымдастыру болып табылатын, ол қызметті қолданылып жүрген заңдарға сәйкес және биржа белгілеген ережелерге сәйкес жүзеге асыратын заңды тұлға;

39) **эмиссиялық бағалы қағаздар** - бір шығарылым шегінде біртектес белгілерге және реквизиттерге ие болатын, осы шығарылымға арналған бірыңғай ережелер негізінде орналастырылатын және айналысқа түсетін бағалы қағаздар; < \* >

40) **эмиссия** - эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруды мемлекеттік тіркеу және оларды орналастыру мақсатында жасайтын іс-әрекеті; <\*>

41) **эмиссиялық синдикат** - эмитенттің бағалы қағаздарын орналастыру мақсатында құрылған бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушыларының бірлестігі;

42) **эмитент** - қолданылып жүрген заңдарға сәйкес бағалы қағаздар шығаруды жүзеге асыратын және бағалы қағаздардың иеленушілері алдында өз атынан міндеттемелері болатын заңды тұлға.

**ЕСКЕРТУ. 2-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.11. N 154 Заңымен**

**ЕСКЕРТУ. 2-бап өзгертілді және толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.07.10. N 282 Заңымен**

**ЕСКЕРТУ. 2-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 436 Заңымен**

**ЕСКЕРТУ. 2-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416 Заңымен**

**ЕСКЕРТУ. 2-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.06.03. N 427 Заңымен.**

### **3-бап. Бағалы қағаздармен сауданы ұйымдастырушылар**

1. Бағалы қағаздармен сауданы ұйымдастырушылар мыналар болып табылады:

биржадан тыс рыноктың баға кесу ұйымы;  
қор биржасы;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де ұйымдар.

2. Бағалы қағаздармен сауданы ұйымдастырушылар қызметін уәкілетті орган лицензиялауға тиіс.

3. Бағалы қағаздармен сауда-саттық ұйымдастырушылар уәкілетті орган белгілеген пруденциялық нормативтерді сақтауға міндетті. Пруденциялық нормативтердің құрамына бағалы қағаздармен сауда-саттық ұйымдастырушының

жарғылық капиталының ең төменгі мөлшері, өз капиталының жеткіліктілік коэффициенті, сондай-ақ уәкілетті органның айқындауы бойынша өзге де нормалар мен лимиттер кіреді. < \* >

**ЕСКЕРТУ.** 3-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416 Заңымен .

#### **4-бап. Бағалы қағаздар рыногының объектілері**

Қазақстан Республикасы бағалы қағаздар рыногының объектілері мыналар болады :

акциялар, облигациялар және заңдарда белгіленген тәртіппен уәкілетті орган бағалы қағаздар деп танылған бағалы қағаздардың басқа да түрлері;  
Заңдарға сәйкес осындай деп танылған туынды бағалы қағаздар;  
басқа мемлекеттердің заңдарына сәйкес шығарылған, Қазақстан Республикасы аумағындағы айналысына уәкілетті орган белгілеген тәртіппен рұқсат етілген шетел эмитенттерінің бағалы қағаздары;  
ипотекалық куәліктер, коносаменттер және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бағалы қағаз мәртебесі болған өкімдік құжаттардың басқа да түрлері.

#### **5-бап. Бағалы қағаздар рыногының субъектілері**

Бағалы қағаздар рыногының субъектілері:

инвесторлар ;

эмитенттер ;

бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушылары;  
өзін-өзі реттейтін ұйымдар болып табылады.

#### **6-бап. Бағалы қағаздар рыногындағы инвесторлар**

1. Бағалы қағаздар рыногында:

инвесторлар - жеке және заңды тұлғалар;

институционалдық инвесторлар болуы мүмкін.

Мемлекет Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі немесе Қаржы министрлігі арқылы бағалы қағаздар рыногында инвестор ретінде іс-қимыл жасайды .

2. Өздері тартқан қаржыны Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бағалы қағаздарға және өзге де қаржы құралдарына инвестициялау үшін пайдаланушы субъектілер Қазақстан Республикасындағы институционалдық инвесторлар болып табылады. Институционалдық инвесторларға:

инвестициялық қорлар ;

банктер - Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда ;

жинақтаушы зейнетақы қорлары;

сақтандыру ұйымдары ;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес басқа да ұйымдар жатады. <\*>

**ЕСКЕРТУ. 6-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.11. N 154**

**З а ң ы м е н**

**ЕСКЕРТУ. 6-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416**

Заңымен .

**7-бап. Эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару нысаны**

1. Эмиссиялық бағалы қағаздар Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген шектеулер ескеріле отырып, құжатты немесе құжатсыз нысанда шығарылуы мүмкін . < \* >

2 . < \* >

3 . < \* >

4. Эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару нысанын шығарылымды мемлекеттік тіркеуге табыс етілген құжаттарға тиісті өзгерістер енгізе отырып, эмитенттің жоғарғы басқару органының шешімі бойынша эмитент өзгертуі мүмкін . < \* >

**ЕСКЕРТУ. 7-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.10. N 282**

**З а ң ы м е н**

**ЕСКЕРТУ. 7-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416**

Заңымен .

**8-бап. <\*>**

**ЕСКЕРТУ. 8-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416** Заңымен .

**9-бап. Бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелер**

1. Бағалы қағаздармен мәмілелер ұйымдасқан және ұйымдаспаған бағалы қағаздар рыногында жасалады .

2. Кәсіпқой қатысушылар ұйымдасқан бағалы қағаздар рыногында мәмілелерді өз атынан немесе клиенттің атынан, өз есебінен немесе клиенттің есебінен бағалы қағаздар сатып алу немесе сату арқылы жасайды.

Бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарты тараптардың бірінің талап етуі бойынша нотариалдық куәландырылуға тиіс.

3. Бағалы қағаздардың ұйымдаспаған рыногында жасалатын мәмілелерді инвесторлардың өздері де, бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушыларының қызметін пайдалана отырып та жүзеге асыруы мүмкін.

Уәкілетті орган бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қатысушылардың ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар рыногындағы бағалы қағаздармен мәміле жасауына шектеу белгілеуге құқылы. < \* >

4. Кәсіпқой қатысушының бағалы қағаздармен мәміле жасауға өкілеттігі оның клиентпен жасасқан мәмілелерді жасау және орындау үшін қажетті

талаптарды айқындайтын шартымен расталады.

5. Ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында бағалы қағаздармен мәміле жасау рәсімі және оларды тіркеу сауда-саттық ұйымдастырушылардың ережелерімен айқындалады. < \* >

**ЕСКЕРТУ.** 9-бап өзгертілді және толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.07.10. N 282 Заңымен .

**ЕСКЕРТУ.** 9-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416 Заңымен .

## **II тарау. Бағалы қағаздар рыногын мемлекеттік реттеу**

### **10-бап. Бағалы қағаздар рыногын мемлекеттік реттеу негіздері**

Бағалы қағаздар рыногын мемлекеттік реттеу:

1) бағалы қағаздар рыногы субъектілері қызметіне міндетті талаптар белгілейтін нормативтік құқықтық актілер шығару;

2) эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруды мемлекеттік тіркеу, сондай-ақ эмитенттердің олардың шығарылу, айналыс және өтелу шарттарын сақтауына бақылауды жүзеге асыру; < \* >

3) бағалы қағаздар рыногына кәсіптік қатысушылар және олардың өзін-өзі реттейтін ұйымдары қызметін лицензиялау;

4) сауда-саттық ұйымдастырушылардың және институционалдық инвесторлардың қызметін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес лицензиялау; < \* >

5) бағалы қағаздар рыногында инвесторлардың құқықтарын қорғау жүйесін ұйымдастыру және олардың құқықтарын эмитенттер мен бағалы қағаздар рыногына кәсіптік қатысушылардың сақтауына бақылау жасау;

6) бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушылар, сауда-саттық ұйымдастырушылар қызметіне бақылау жасау және бағалы қағаздар рыногын реттейтін заңдарды бұзғаны үшін тиісті санкцияларды қолдану;<\*>

7) бағалы қағаздар рыногында заңдарды бұзатын адамдарды анықтау және жауапкершілікке тарту жөніндегі шаралар қолдану;

8) бағалы қағаздар рыногына қатысушылардың кәсіптік және білім деңгейін арттыру жөніндегі жүйелерді ұйымдастыру жолымен жүзеге асырылады.

**ЕСКЕРТУ.** 10-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.10. N 282 Заңымен .

**ЕСКЕРТУ.** 10-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416 Заңымен .



### **11-бап. Бағалы қағаздар рыногындағы қатынастарды реттеу жөніндегі мемлекеттік орган**

Мемлекеттік орган арқылы мемлекет бағалы қағаздар рыногында қалыптасқан қатынастарды мемлекеттік реттеу мен бақылауды жүзеге асырады.

Бағалы қағаздар рыногындағы қатынастарды реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Президенті бағалы қағаздар рыногын реттеу мен бақылау және акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі мемлекеттік орган (одан әрі - уәкілеттік орган) құрады, ол өз қызметінде Конституция нормаларын, бағалы қағаздар рыногы туралы заңдар мен Қазақстан Республикасының өзге де заңдарын басшылыққа алады және Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен Ережелер негізінде қолданылады.

**ЕСКЕРТУ. 11-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.10. N 282 Заңымен .**

### **12-бап. Бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу <\*>**

Мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздарды және басқа да бағалы қағаздарды шығару Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік тіркеуге жатады .

**ЕСКЕРТУ. 12-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416 Заңымен .**

## **III тарау. Бағалы қағаздардың бастапқы рыногы**

### **13 - б а п . < \* >**

**ЕСКЕРТУ. 13-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416 Заңымен .**

### **14-бап. Мемлекеттік бағалы қағаздар шығарылымы <\*>**

Мемлекеттік бағалы қағаздар шығарылымын жүзеге асыру тәртібі және шығарылым көлемі Қазақстан Республикасының арнаулы заңдарымен реттеледі.  
< \* >

**ЕСКЕРТУ. 14-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416 Заңымен .**

### **14-1-бап. Агенттік облигациялар эмиссиясы <\*>**

Агенттік облигацияларын шығару, орналастыру және өтеу шарты мен тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

**ЕСКЕРТУ. 14-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416 Заңымен .**

ЕСКЕРТУ. 15-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының  
2003.05.16. N 416 Заңымен .

**16-бап. Эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруды  
мемлекеттік тіркеу <\*>**

1. Жарияланған акциялар шығару туралы шешім акционерлік қоғам құрылтайшыларының жиналысында (акционерлердің жалпы жиналысында) қ а б ы л д а н а д ы .

Акционерлік қоғам құрылтайшылардың ол әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап бір айдан кешіктірмей жарияланған акциялар шығаруды мемлекеттік тіркеуге арналған құжаттарды, олардың арасында орналастырылған акцияларды төлегендігін растайтын құжаттарды қоса бере отырып, уәкілетті органға табыс етуге міндетті.

Жарияланған акциялар шығаруды мемлекеттік тіркеу құрылтайшыларды акция ұстаушылардың тізілімінде акция ұстаушылар ретінде тіркеу үшін негіз б о л ы п т а б ы л а д ы .

2. Эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруды мемлекеттік тіркеу:

- 1) ұсынылған құжаттарды қарауды және олардың Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкестігіне сараптаманы;
- 2) эмитенттің аудиторлық ұйым (аудитор) растаған қаржылық есептілігін қ а р а у д ы ;
- 3) бағалы қағаздарға ұлттық біріздендіру нөмірін беруді және Бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне эмиссиялық бағалы қағаздар шығару туралы және эмитент туралы мәліметтер енгізуді;
- 4) эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруды мемлекеттік тіркеуді куәландыратын құжат беруді қамтиды.

3. Эмиссиялық бағалы қағаздарға ұлттық біріздендіру нөмірлерін беру тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарымен б е л г і л е н е д і .

4. Эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруды мемлекеттік тіркеудің ерекшелігін, сондай-ақ олардың шығарылу, айналысы, өтелу мен жойылу тәртібін уәкілетті о р г а н б е л г і л е й д і .

5. Эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруды мемлекеттік тіркеу үшін эмитент ұсынған құжаттарды уәкілетті орган олар табыс етілген күннен бастан отыз күн і ш і н д е қ а р а й д ы .

Мемлекеттік тіркеуге қосымша құжаттар табыс етілген жағдайда құжаттарды қ а р а у м е р з і м і ж а ң а р т ы л а д ы .

6. Эмитенттің лауазымды адамдары мәліметтер бермегені не дұрыс емес мәліметтер бергені, эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруды мемлекеттік тіркеу

үшін құжаттарды табыс ету мерзімдерін бұзғаны, сондай-ақ уәкілетті органның нұсқамаларын орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

**ЕСКЕРТУ. 16-бап жана редакцияда - Қазақстан Республикасының 1998.07.10. N 282 Заңымен .**

**ЕСКЕРТУ. 16-бап жана редакцияда - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416 Заңымен .**

**17-бап. Қазақстан Республикасы бағалы қағаздарының мемлекеттік тізілімі <\*>**

1. Бағалы қағаздардың тіркелген шығарылымы және олардың эмитенттері туралы мәліметтер бағалы қағаздардың Мемлекеттік тізілімде енгізіледі, оны жүргізуді уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Бағалы қағаздардың Мемлекеттік тізіліміне енгізілмеген бағалы қағаздар шығарылымдары жарамсыз болып табылады. <\*>

3. Уәкілетті органның мемлекеттік бағалы қағаздарға бір ізге түсіру нөмірлерін беру үшін олардың шығарылымдары туралы ақпараттар беру тәртібі заңдарға сәйкес белгіленеді. <\*>

**ЕСКЕРТУ. 17-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416 Заңымен .**

**17-1-бап. Облигацияларды ұстаушылардың өкілі <\*>**

1. Ипотекалық және өзге де қамтамасыз етілген облигациялардың шығарылуы мен айналысы кезінде эмитент алдында облигация ұстаушылардың мүдделерін білдіруді облигацияларды ұстаушылардың өкілі (бұдан әрі - өкіл) жүзеге асырады. Өкіл таңдауды эмитент дербес жүзеге асырады. Өкіл эмитенттің аффилиирленген тұлғасы болмауға тиіс.

2. Өкілдің өкілеттігін оны өкіл ретінде айқындау алдындағы алты ай ішінде пруденциялық нормативтерді сақтайтын және басқа да міндетті түрде сақталуға тиісті нормалар мен лимиттерді сақтайтын екінші деңгейдегі банк жүзеге асыруға құқылы.

3. Өкілдің өкілеттігін жүзеге асыру тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

**ЕСКЕРТУ. 17-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2003.06.03. N 427 Заңымен.**

**18-бап. <\*>**

**ЕСКЕРТУ. 18-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416 Заңымен .**

**19-бап. Эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын тіркеуден бас тарту <\*>**

1. Бағалы қағаздар шығарылымын тіркеуден дәлелді бас тарту үшін ұсынылған құжаттар қолданылып жүрген заңдарға және эмиссия проспектісіне енгізілген мәліметтердің эмитенттің нақты жағдайына сәйкес келмеуі негіз болып табылады. <\*>

2. Бағалы қағаздар шығарудың мақсатқа сай еместігін дәлел етіп, тіркеуден бас тартуға жол берілмейді.

3. Бағалы қағаздар шығарылымын тіркеуден бас тарту жөнінде сотқа шағым берілуі мүмкін. <\*>

**ЕСКЕРТУ. 19-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416 Заңымен .**

**20-бап. Эмиссиялық бағалы қағаздар орналастыруды тоқтата тұру <\*>**

1. Бағалы қағаздар орналастыруды тоқтата тұруға:

1) бағалы қағаздарды орналастыру талаптарының шығару мен орналастырудың тіркелген талаптарына, осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкессіздігі; <\*>

2) орналастыру ережелерін едәуір өзгертетін ақпараттың уәкілетті органға келіп түсуі; <\*>

3) шығарылымның тіркелген көлемінің артып кетуі; <\*>

4) уәкілетті органның талаптарын эмитенттің белгіленген мерзімде орындамауы негіз болады.

2. Бағалы қағаздар орналастыруды тоқтата тұру:

1) эмитенттің бағалы қағаздарды одан әрі орналастыруына тыйым салуды;

2) рынокта орналастырылған бағалы қағаздармен жасалған мәмілелердің тіркелуін жүзеге асыруға тыйым салуды;

3) осы орналастыруды бағалы қағаздарын орналастыру жөніндегі жарнама науқанын тоқтатуды білдіреді. <\*>

3. Бағалы қағаздар эмиссиясын тоқтата тұру туралы шешімді уәкілетті орган қабылдайды.

4. Уәкілетті органның бағалы қағаздарды орналастыруды тоқтата тұру туралы шешімін алған кезден бастап эмитент осы баптың 2-тармағының талаптарын сақтай отырып, бұл туралы баспасөз басылымында хабар жариялауға және анықталған жолсыздықтарды уәкілетті орган белгілеген мерзімде жоюға міндетті.

Эмитенттің бағалы қағаздарды орналастыруды тоқтата тұру туралы шешімін уәкілетті орган эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушылар тізіліміндегі жеке шоттармен жүргізілетін операцияларды тоқтата тұру мақсатында тіркеушіге жібереді. Тізілімде нақты ұстаушының жеке шоты болса тіркеуші оны уәкілетті орган қабылдаған шешім туралы хабардар етуге міндетті. <\*>

5. Уәкілетті органның шешімімен бағалы қағаздарды орналастыруды тоқтата тұруға себеп болған негіздерді жойғаннан кейін ғана эмитенттің бағалы қағаздарды одан әрі орналастыруына мүмкіндік туады. <\*>

6 . < \* >

7. Уәкілетті органның орналастыруды тоқтата тұру туралы шешімі жөнінде сотқа шағым берілуі мүмкін. <\*>

**ЕСКЕРТУ. 20-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416 Заңымен .**

### **21-бап. Эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын жарамсыз деп тану <\*>**

1. Уәкілетті орган мынадай негіздер бойынша бағалы қағаздар шығарылымы жарамсыз деп тануға құқылы:

1) инвесторлар үшін елеулі мәні бар бағалы қағаздар шығарылымы нақты шарттарының тіркелген эмиссия проспектісіне сәйкес келмеуі; <\*>

2) тіркелген шығарылым проспектіне сәйкес келмейтін мәліметтер бар бағалы қағаздардың шығарылуы мен орналастырылуы туралы жарнама науқанын жүргізу; < \* >

3) бағалы қағаздарды орналастыру қорытындылары туралы есепте көрсетілген мәліметтердің шығарылымның тіркелген проспектіне немесе осындай шығарылымның нақты орналастырылу деректеріне сәйкес келмеуі;<\*>

4) орналастыруды тоқтата тұрудың себебі болған жолсыздықтарды жою туралы уәкілетті органның ұйғарымын эмитенттің орындамауы. <\*>

1-1. Эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын жарамсыз деп тану туралы шешімді уәкілетті орган эмитентке және осы эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізіліміндегі бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеуді тоқтата тұру мақсатында тіркеушіге жібереді.

Тізілімде нақтылы ұстаушының жеке шоты болса тіркеуші оны уәкілетті орган қабылдаған шешім туралы хабардар етуге міндетті. Хабарламаны алған нақтылы ұстаушы клиенттің шоты бойынша бағалы қағаздармен жасалған мәмілені тіркеуді тоқтата тұруға міндетті.

Эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын жарамсыз деп тану туралы мәлімет Бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне уәкілетті орган белгілеген тәртіппен енгізіледі. < \* >

2. Облигациялар шығарылымы жарамсыз деп танылған жағдайда осы шығарылған облигациялар эмитентке қайтарылуға жатады. Инвесторларға облигациялардың нақтылы құнын өтеу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес жүзеге асырылады. <\*>

2-1. Акциялар шығарылымы жарамсыз деп танылған жағдайда акционерлік қоғамның директорлар кеңесі уәкілетті органнан акциялар шығарылымының

жарамсыз деп танылғаны туралы хабар алған күннен бастап екі ай ішінде  
м ы н а д а й :

- 1) акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы;
- 2) шаруашылық серіктестік (өндірістік кооператив) етіп қайта құру туралы;
- 3) акционерлік қоғамды тарату туралы шешімдердің бірін қабылдау мақсатында акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруға және ө т к і з у г е м і н д е т т і .

Акционерлердің жалпы жиналысында акциялар шығаруды мемлекеттік тіркеу туралы шешім қабылданғаннан кейін акционерлік қоғам акционерлердің жалпы жиналысының шешімі қабылданған күннен бастап бір айдан кешіктірмей құжаттарды мемлекеттік тіркеуге табыс етуге міндетті. <\*>

2-2. Осы баптың 2-1-тармағының талаптарын сақтамаған жағдайда акционерлік қоғам уәкілетті органның талап-арызы бойынша сот тәртібімен т а р а т ы л у ғ а ж а т а д ы . < \* >

3 . < \* >  
4 . < \* >

5. Уәкілетті органның бағалы қағаздар шығарылымын жарамсыз деп тану туралы шешіміне сотқа шағым берілуі мүмкін. <\*>

**ЕСКЕРТУ. 21-бап өзгертілді және толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.07.10. N 282 Заңымен .**

**ЕСКЕРТУ. 21-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416 Заңымен .**

### **22-бап. Эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымы және эмитенттің қызметі туралы ақпарат <\*>**

1. Эмитент орналастырылған эмиссиялық бағалы қағаздар туралы мәліметті олардың шығарылуы мемлекеттік тіркелген күннен бастап отыз күн ішінде баспасөз басылымында жариялауға міндетті.

Мемлекеттік тіркелгенге дейін шығару туралы мәліметтерді жариялауға т ы й ы м с а л ы н а д ы . < \* >

2. Эмитент, сондай-ақ оның андеррайтерлері ықтимал инвесторларға бағалы қағаздарды сатып алғанға дейін бағалы қағаздар шығарылымы проспектімен, сондай-ақ эмитенттің қызметімен және олар шығарған ескіру мерзімі алты айдан аспауға тиіс бағалы қағаздар туралы ақпаратпен танысу мүмкіндігін қамтамасыз е т у г е м і н д е т т і . < \* >

3. Бағалы қағаздарды орналастыру және олардың айналымы кезеңінде эмитент оларды уәкілетті органда тіркеуге және ықтимал инвесторлар мен бағалы қағаз ұстаушыларды бағалы қағаздар шығарылымының тіркелген проспектіндегі деректермен және эмитенттің қызметі туралы және олар эмиссиялаған бағалы қағаздар туралы ақпараттармен салыстырғанда істің нақты

жай-күйіндегі олардың мүдделерін қозғайтын барлық өзгерістер туралы хабардар етуге міндетті. < \* >

4. Мыналар ықтимал инвесторлар мен бағалы қағаздар ұстаушылардың мүдделерін қозғайтын мәліметтер болып танылады: < \* >

1) эмитенттің органына кіретін адамдар тізіміндегі өзгерістер;

2) эмитенттің және оның еншілес ұйымдары мен тәуелді акционерлік қоғамдарының органдарына кіретін (өкілдері кіретін) эмитент акционерлерінің (қатысушыларының) жарғылық капиталдағы төленген жарғылық капиталдағы) үлес мөлшерінің өзгерістері, сондай-ақ егер, олар әрбір осындай ұйымның (халықтық акционерлік қоғамның жарғылық капиталында бес және одан да көп процент) дауыс беретін акциялардың (үлестердің, үлестік жарналардың) он және одан да көп проценттерін иеленген жағдайда, басқа ұйымдардың жарғылық капиталдарындағы (шығарылған (төленген) жарғылық капиталдағы) акционер үлесі мөлшерінің өзгерістері; < \* >

3) эмитенттің дауыс берілетін акцияларының он және одан да көп процентін (халықтық акционерлік қоғам үшін - бес және одан да көп процентін) иеленетін эмитент акционерлерінің (қатысушыларының) тізіміндегі өзгерістер;

4) әрбір осындай ұйымның дауыс берілетін акцияларының (үлестерінің, үлес жарналарының) он және одан да көп процентін (халықтық акционерлік қоғам үшін - бес және одан да көп процентін) эмитент иеленетін заңды тұлғалардың тізіміндегі өзгерістер;

5) акционерлердің жалпы жиналысының (шаруашылық серіктестіктің жоғары органының) шешімдері;

6) эмитенті, оның еншілес ұйымдарын және тәуелді акционерлік қоғамдарын қайта ұйымдастыру;

7) эмитенттің шоттары мен мүлкіне тыйым салу;

8) эмитент лицензиясының күшін тоқтата тұру немесе тоқтату не оны қайтарып алу;

9) эмитенттің қызметін тоқтата тұру немесе тоқтату;

10) ықтимал инвесторлардың және бағалы қағаздар ұстаушылардың мүліктік мүдделерін қозғайтын және уәкілетті органдар осындай деп таныған өзге де өзгерістер. < \* >

5. Осы баптың 4-тармағында көрсетілген эмитенттің ісінің нақты жай-күйіндегі өзгерістері туралы мәліметтерді эмитент оларды тіркеу (бағалы қағаздар шығарылымы проспектіне) тиісті өзгерістер енгізу үшін) осындай өзгерістер туындаған кезден бастап жеті жұмыс күнінен аспайтын мерзімде уәкілетті органға жіберуге тиіс. < \* >

6. Егер бағалы қағаздар шығарылымы проспектінде, сондай-ақ эмитенттің қызметі мен ол шығарған бағалы қағаздар туралы ақпаратта ықтимал

инвесторлардың және бағалы қағаздар ұстаушылардың мүдделерін қозғайтын жалған, дәл емес немесе толық емес мәліметтер болса, эмитент келтірілген нұқсан үшін заңдарға сәйкес мүлдіктік жағынан толық жауапты болады, ол оның лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген әкімшілік және қылмыстық жауапқа тартылуы мүмкін. <\*>

7. Инвесторларға (ықтимал инвесторларға) бағалы қағаздар шығарылымы проспектіде және эмитенттің қызметі туралы және ол шығарған бағалы қағаздар туралы ақпаратта жалған, дәл емес немесе толық емес мәліметтерді табыс ету немесе жариялау арқылы келтірілген нұқсан үшін эмитенттің жауапкершілігін шектейтін инвесторлар (ықтимал инвесторлар) мен эмитент арасындағы жасалған келісім жарамсыз деп есептеледі. <\*>

**ЕСКЕРТУ. 22-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.11. N 154**  
З а ң ы м е н .

**ЕСКЕРТУ. 22-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.10. N 282**  
З а ң ы м е н .

**ЕСКЕРТУ. 22-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416**  
Заңымен .

### **23-бап. Эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру шарттары**

1. Бағалы қағаздар шығарылымының құрылымы уәкілетті органда тіркелген құрылымға сәйкес келуге тиіс.  
2 . < \* >

3. Эмитент бағалы қағаздарды орналастыру кезінде андеррайтердің қызметін пайдалана алады. Бағалы қағаздар рыногындағы андеррейтердің қызметін бағалы қағаздар рыногында атаулы ұстау құқығымен брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға уәкілетті органның лицензиясы бар бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушылары жүзеге асыруға құқылы. <\*>

Андеррайтер қызметін жүзеге асыратын бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушылары эмиссиялық синдикаттар құруға құқылы.

Эмиссиялық синдикат бірлескен қызмет туралы шарттың негізінде құрылады.

Бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларының андеррайтер қызметін жүзеге асыруының шарттары мен тәртібі бағалы қағаздар рыногы туралы заңдар мен р е т т е л е д і .

**ЕСКЕРТУ. 23-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.10. N 282**  
З а ң ы м е н .

**ЕСКЕРТУ. 23-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416**  
Заңымен .



## 24-бап. Эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру және өтеу қорытындылары туралы есептер

1. Эмитент уәкілетті орган белгілеген тәртіппен уәкілетті органға бағалы қағаздар толық орналастырылғанға дейін не оларды толық орналастыру аяқталғаннан кейін әрбір алты айдың қорытындысы бойынша (есепті жартыжылдық аяқталған соң бір айдың ішінде) бағалы қағаздарды орналастырудың қорытындылары туралы есептерді, сондай-ақ облигацияларды өтеу қорытындылары туралы есепті табыс етуге міндетті. <\*>

Халықтық акционерлік қоғам тоқсан аяқталғаннан кейін жиырма күн ішінде өз акцияларын нақты орналастырылуы туралы мәліметтерді көрсете отырып, тоқсандық баланстар және кірістер мен шығыстар туралы есебін баспасөз басылымында жариялауға және уәкілетті органға беруге міндетті. <\*>

2 . < \* >

3. Есепті бекіту үшін табыс етілетін құжаттар тізбесін және оларды ресімдеу тәртібін уәкілетті орган белгілейді. Эмитент көрсетілген талаптарды сақтамаған жағдайда уәкілетті орган есепті бекітпей тастауға құқылы. Эмитент құжаттарды қайтара табыс еткен кезде оны қарау мерзімі жаңартылады. <\*>

4. Уәкілетті орган эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру және өтеу қорытындылары туралы есептерді 14 күнтізбелік күн ішінде қарайды. <\*>

5. Эмитент бағалы қағаздарды орналастыру қорытындылары туралы есепті тапсырмаған жағдайда уәкілетті орган шығарылымды жарамсыз деп тануға құқылы. < \* >

6. Егер эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру қорытындылары туралы есепті қараған кезде ұсынылған мәліметтердің немесе эмиссиялық бағалы қағаздардың шығарылымын тіркеу үшін ұсынылған мәліметтердің анық еместігі анықталса, уәкілетті орган бағалы қағаздарды одан әрі орналастыру мен оның айналысын тоқтата тұру туралы шешім қабылдауға құқылы. <\*>

7. Бекітуге ұсынылған бағалы қағаздарды орналастыру қорытындылары туралы есептегі мәліметтердің анық еместігі анықталған жағдайда, уәкілетті орган есепті бекіту туралы хабарламаны кері қайтарып алу туралы және эмиссиялық бағалы қағаздардың айналысын тоқтата тұру туралы шешім қабылдауға құқылы. < \* >

**ЕСКЕРТУ. 24-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.11. N 154**  
З а ң ы м е н .

**ЕСКЕРТУ. 24-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.10. N 282**  
З а ң ы м е н .

**ЕСКЕРТУ. 24-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 436**

З а ң ы м е н

**ЕСКЕРТУ. 24-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416**

Заңымен .

**24-1-бап. Бағалы қағаздар ұстаушыларды уәкілетті органның хабардар етуі**

1. Бағалы қағаздар рыногында жасалған немесе жасалуы мүмкін құқық бұзушылықтар туралы бағалы қағаздар ұстаушыларды хабардар ету және оларды ескерту мақсатында уәкілетті орган баспа басылымында:

1) баспа бағалы қағаздар шығару мен орналастыруды тоқтата тұру және шығарылымды жарамсыз деп тану туралы; <\*>

2) бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті жүзеге асыру құқығына лицензияны қайтарып алу немесе оның күшін тоқтата тұру туралы;

3) эмитенттердің және бағалы қағаздар рыногына кәсіпқой қатысушылардың қызметін тексеру туралы мәліметтерді жариялайды.

2. Уәкілетті орган бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің қызметі туралы мәліметтер базасын жүргізеді.

**ЕСКЕРТУ. 24-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.07.10. N 282 Заңымен**

**ЕСКЕРТУ. 24-1-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416**  
Заңымен .

**24-2-бап. Инвесторлардың бағалы қағаздар рыногындағы құқықтарын қорғау**

1. Инвесторлардың бағалы қағаздар рыногындағы құқықтарын қорғау мақсатында уәкілетті орган эмитенттер мен бағалы қағаздар рыногына кәсіпқой қатысушылардың қызметіне тексеріс жүргізеді.

Тексеріс жүргізу кезеңінде және тексерістің қорытындысы бойынша уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен: <\*>

1) эмитенттерге, сауда-саттық ұйымдастырушыларға және бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларына орындалуы міндетті нұсқамалар жіберуге; <\*

2) бағалы қағаздар ұстаушылары тізілімінің жекелеген дербес шоттары және тұтас алғанда, тізілім бойынша бағалы қағаздардың қозғалысын тоқтата тұруға;

3) кінәлі тұлғалардың жауапкершіліктері туралы мәселелерді заңдарға сәйкес ш е ш у г е қ ұ қ ы л ы .

2. Эмитенттердің және бағалы қағаздар рыногына кәсіпқой қатысушылардың қызметін тексеруді уәкілетті орган:

1) ұсынылған құжаттарды карау;

2) мүдделі тараптардың өкілдерін жолсыздық фактісі бойынша олардың түсініктемелерін тыңдау мақсатында шақыру;

3) эмитенттің, сауда-саттық ұйымдастырушының немесе бағалы қағаздар рыногына кәсіпқой қатысушының орналасқан жері бойынша тексеріс жүргізу арқылы жүзеге асырады.

Тексерістер жүргізудің және олардың нәтижелерін ресімдеудің тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

2-1. Тексеріс жүргізу процесінде эмитент, кәсіби қатысушы және сауда-саттық ұйымдастырушы уәкілетті органның тексеріс үшін қажетті құжаттарды табыс ету туралы талабын орындауға міндетті.

Қажет болған жағдайда уәкілетті орган тексеріс актісіне қоса тіркеу үшін құжаттардың көшірмелерін талап етуге құқылы.

Уәкілетті орган эмитент қызметкерлерінен, кәсіби қатысушыдан және сауда-саттық ұйымдастырушыдан тексеріс жүргізу процесінде және тексеріс қорытындысы бойынша жазбаша түсінік беруді талап етуге құқылы. <\*>

2-2. Эмитенттің, сауда-саттық ұйымдастырушының және кәсіби қатысушының Қазақстан Республикасының заңдарын бұзғанын куәландыратын тексеріс қорытындысы бойынша уәкілетті орган эмитенттің бағалы қағаздарының айналысын, кәсіби қатысушы мен сауда-саттық ұйымдастырушы лицензиясының қолданылуын тоқтата тұру немесе лицензиясын кері қайтарып алу туралы шешім қабылдауға құқылы. <\*>

3. Уәкілетті орган, заңдарда көзделген жағдайларда, бағалы қағаздар рыногындағы кәсіпқой қатысушылардың көрсеткен қызметі үшін сыйақы мөлшерінің негізділігін айқындауға құқылы.

**ЕСКЕРТУ. 24-2-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.07.10. N 282 Заңымен .**

**ЕСКЕРТУ. 24-2-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416 Заңымен .**

#### **IV тарау. Бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызмет**

##### **25-бап. Бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметке қойылатын талаптар**

1. Бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызмет:

1) біліктілік талаптарына;

2) қаржы тұрақтылығы өлшемдеріне;

3) қолданылып жүрген заңдарға сәйкес өз қызметі туралы ақпаратты ашып көрсету талаптарына;

4) іскерлік әдеп нормаларына сәйкес болуға тиіс.

1-1. Акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанда құрылған ұйымдары бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметті жүзеге асыруға құқылы.

Бағалы қағаздар рыногындағы қызметін жүзеге асыруға лицензия алу үшін уәкілетті органға құжаттарын ұсынған ұйымның, бағалы қағаздар рыногы кәсіби қатысушысының және сауда-саттық ұйымдастырушының жарғылық капиталын қалыптастыруы тек ақшамен жүзеге асырылады. <\*>

2. Бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушысы клиентке мүліктік зиян келтірген жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіп бойынша залалды өз есебінен өтеуге міндетті.

3. Бағалы қағаздардың ұйымдасқан рыноктарындағы қызметті жүзеге асыратын бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушысы өзінің қызметіне байланысты қаржы тәуекелдерін сақтандыруға құқылы.

4. Бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті жүзеге асырудың талаптары мен тәртібі уәкілетті органмен және өзін-өзі реттейтін ұйымдардың уәкілетті органымен келісілген ережелермен белгіленеді.<\*>

5. Бағалы қағаздар рыногы кәсіби қатысушысының өзін-өзі реттейтін ұйымның қызметіне қатысуы міндетті болып табылады. <\*>

**ЕСКЕРТУ. 25-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416 Заңымен .**

### **26-бап. Бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметті лицензиялау**

1. Бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметтің бір немесе бірнеше бірлескен түрлерін жүзеге асыруға тиісті лицензиясы бар тұлғалар бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметті жүзеге асыруға құқылы. Бағалы қағаздар рыногындағы қызметті жүзеге асыруға лицензия беруді шарттары мен тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

2. Бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті жүзеге асыруға лицензия алу үшін уәкілетті орган белгілеген пруденциялық нормативтерді сақтау жөніндегі талабын орындауы қажет. Пруденциялық нормативтердің құрамына жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшері, өз капиталының жеткіліктілік коэффициенті, сондай-ақ уәкілетті органның айқындауы бойынша өзге де нормалар мен лимиттер кіреді. < \* >

3. Уәкілетті орган осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде белгіленген тәртіппен лицензия беруден бас тартуға, лицензияның қолданылуын тоқтата тұруға немесе лицензияны кері қайтарып алуға құқылы. < \* >

#### **3 - 1 . Уәкілетті орган :**

1) лицензия алу немесе лицензиаттың қызметі туралы есепті қарау үшін ұсынылған құжаттардың мазмұнында анық емес немесе толық емес ақпараттар анықталған ;

2) лицензия алу үшін ұсынылған құжаттардағы өзгерістер туралы ақпарат

б е р і л м е г е н ;

3) лицензиат уәкілетті орган белгілеген пруденциялық нормативтерді сақтамаған ;

4) лицензиат бағалы қағаздармен операциялар жүргізу тәртібін белгілейтін ережелер мен стандарттарды орындамаған немесе бұзған;

5) лицензиат өзінің қызметі туралы есепті ұсыну тәртібін сақтамаған;

6) өзін-өзі реттейтін ұйымға мүше болмаған, сондай-ақ лицензиат өзін-өзі реттейтін ұйымнан шыққан немесе оны шығарған;

7) лицензиат Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарды бұзған ;

8) лицензиат лицензиялық талаптарды сақтамаған;

9) лицензиат уәкілетті органның ұйғарымын орындамаған жағдайларда лицензияның қолданылуын тоқтата тұруға құқылы. <\*>

3-2. Уәкілетті орган лицензияның қолданылуының тоқтатыла тұру себептері жойылмаған жағдайларда және Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленген өзге де негіздер бойынша лицензияны қайтарып алуға құқылы. <\*>

4. Лицензия берілгені үшін алым алынады, оның мөлшері мен төлену тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

**ЕСКЕРТУ. 26-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.10. N 282**

З а ң ы м е н

**ЕСКЕРТУ. 26-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416**

Заңымен .

### **27-бап. Бағалы қағаздар рыногында мәмілелерді жүзеге асыруды шектеу**

1. Бағалы қағаздар рыногына брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензия алған тұлғалардың бағалы қағаздармен мәмілелер жасауға, егер аталған мәмілелерді жасау және жүзеге асыру өз клиенттерінің мүдделеріне қайшы келетін болса, құқықтары жоқ.

2. Қызметтік ақпаратты бар тұлғалардың бас пайдасын көздеу мақсатында немесе оны үшінші біреуге беру үшін осы ақпаратты пайдалана отырып мәмілелер жасауға құқығы жоқ. Бағалы қағаздар рыногының жай-күйі мен дамуы туралы міндетті түрде жариялануға тиісті ақпаратты мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдардың лауазымды адамдарының немесе бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушыларының қасақана жасырып қалуына жол берілмейді .

Осы талапты бұзған тұлғалар заңдарға сәйкес жауап береді.

3. Өзінің қызмет бабындағы жағдайына, эмитентпен жасасқан еңбек міндеттемелеріне немесе шарттарына орай эмитент және ол орналастырған бағалы қағаздар туралы ақпараты бар адамдарды бағалы қағаздар рыногының

басқа субъектілерімен салыстырғанда артықшылықты жағдайға қоятын, көпшіліктің қолы жетпейтін кез келген ақпарат қызметтік ақпарат деп танылады.

< \* >

#### 4. Қызметтік ақпараты бар адамдарға:

1) эмитент органдарының лауазымды адамдары немесе осы эмитентпен шарт арқылы байланысты бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушысы; <\*>

2) эмитенттің немесе эмитентпен шарт арқылы байланысты бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушысының аудиторлары:

3) мемлекеттік органдардың бақылау, қадағалау және өзге де өкілеттігі себепті аталған ақпаратқа қолы жететін қызметшілері;

4) осы тармақтың 1)-3) тармақшаларында көрсетілген тұлғалардың аффилиирленген тұлғалары жатады. <\*>

**ЕСКЕРТУ. 27-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416 Заңымен .**

### **28-бап. Бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызмет түрлері**

1. Бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметтің мынадай түрлері жүзеге асырылуы мүмкін:

1) брокерлік;

2) дилерлік;

3) депозитарлық;

4) кастодиалдық;

5) бағалы қағаздар портфелін басқару жөніндегі;

6) бағалы қағаздармен операциялар бойынша өзара талаптар мен міндеттемелерді (клирингтік) айқындау жөніндегі;

7) бағалы қағаздар ұстаушыларының тізілімін жүргізу жөніндегі қызмет;

8) уәкілетті органның белгілеуі бойынша кәсіби қызметтің басқа да түрлері;

9) трансфер-агент қызметі; <\*>

10) жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін инвестициялық басқару; <\*>

2. Бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызмет түрлерін қоса атқаруды уәкілетті орган белгілейді.

3. Бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызмет пен қаржы құралдарымен сауда жасауды ұйымдастыру жөніндегі қызмет, қаржы рыногындағы қызметті қоспағанда және Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленген өзге де жағдайларда, кәсіпкерлік қызметтің өзге түрлерімен қоса атқарылмайды. <\*>

4. Бағалы қағаздар рыногындағы банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қызметі Қазақстан Республикасындағы банк қызметін реттейтін заңдарға және уәкілетті органның

нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

**ЕСКЕРТУ. 28-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1997.06.19.**

**№ 134 - І Заңымен**

**ЕСКЕРТУ. 28-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.11. № 154**

**Заңымен**

**ЕСКЕРТУ. 28-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. № 416**

**Заңымен .**

### **29-бап. Брокерлік қызмет**

1. Брокерлік қызмет - өз клиентінің мүдделерін көздеп және соның есебінен тапсырма шарты немесе комиссия шарты негізінде іс-қимыл жасайтын брокердің бағалы қағаздар рыногында бағалы қағаздармен азаматтық-құқықтық мәмілелер жасау жөніндегі қызметі.

2. Брокердің өз клиенттерінің мүдделерін көздеп мәмілелер жасауы жазбаша нысанда жасалған шарт негізінде жүзеге асырылады.

3. Брокер өз клиенттерінің бағалы қағаздармен жүргізілетін операциялар есебін арнаулы шоттарда жүргізеді.

4. Брокер клиенттердің бағалы қағаздарының нақты ұстаушысы ретінде болуы мүмкін.

### **30-бап. Дилерлік қызмет**

Дилерлік қызмет - бағалы қағаздармен өз атынан және өз есебінен азаматтық-құқықтық мәмілелер жасау жөніндегі қызмет.

### **31-бап. Бағалы қағаздар портфелін басқару және жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі**

**қызмет <\*>**

1. Бағалы қағаздар портфелін басқару және жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызмет - бағалы қағаздар мен зейнетақы жинақтары портфелі меншік иесінің жекелеген заңды құқықтарын іске асыру жөніндегі қызмет.

2. Бағалы қағаздар портфелін басқару және жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру тәртібі, басқарушының құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңдарымен айқындалады.

**ЕСКЕРТУ. 31-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. № 416 Заңымен .**

**32-бап. Бағалы қағаздармен жүргізілетін операциялар бойынша өзара талаптар мен міндеттемелерді (клиринг) айқындау жөніндегі қызмет**

1. Клирингілік қызмет - бағалы қағаздармен мәмілелер жасау нәтижесінде жүзеге асырылатын есеп айырысуға қатысушы тараптардың өзара талаптары мен міндеттемелерін есепке алу жөніндегі қызмет.

2. Бағалы қағаздар рыногындағы клирингтік қызметті лицензиялауды уәкілетті орган жүзеге асырады. <\*>

**ЕСКЕРТУ. 32-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416 Заңымен .**

### **33-бап. Депозитарлық қызмет**

1. Бағалы қағаздардың депозитарийі - бағалы қағаздар иелерін есепке алу мен олардың құқықтарын растау, сондай-ақ бағалы қағаздарды материалсыздандыру жөніндегі қызметті және заң актілеріне сәйкес өзге де қызмет түрлері жүзеге асыратын мамандандырылған ұйым.

2. Депозитарий мен депоненттің қатынастары олардың арасында жасалған шарт негізінде туындайды. Шарттың нысаны мен мазмұны Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

Шарттың жасалуы депоненттің бағалы қағаздарына меншік құқықтарының депозитарийге өтуіне әкеп соқпайды. Депоненттің бағалы қағаздарына депозитарийдің дербес билік етуге, оларды басқаруға немесе, депоненттің тапсырмаларын орындауды қоспағанда, депоненттің атынан бағалы қағаздармен кез келген іс-әрекетті жүзеге асыруға құқығы жоқ.

3. Депозитарийдің бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімінде нақтылы ұстаушы ретінде тіркелуге құқығы бар.

4. Депозитарий бағалы қағаздарға құқықтарды есепке алу жөніндегі өз міндеттерін орындамағаны немесе лайықты орындамағаны үшін, оның ішінде депо шоттары бойынша жазбалардың толық және дұрыс болуы үшін жауап б е р е д і .

**ЕСКЕРТУ. 33-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.10. N 282 Заңымен .**

### **34-бап. Бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызмет**

1. Бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызмет - белгілі бір күнге бағалы қағаздың ұстаушысын белгілеуге мүмкіндік беретін деректерді жинау, тіркеу, өңдеу, сақтау және беру жөніндегі қызмет. <\*>

2. Бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімі жүйесі бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімін жүргізу жүйесіне өзгерістер енгізуді қажет етуге әкеп соғатын барлық фактілер мен құжаттар туралы ақпаратты жинау мен сақтауды қ а м т а м а с ы з етуге тиіс. <\*>

3. Бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімін жүргізу құжаттандырылған немесе құжаттандырылмаған нысандарда шығарылған атаулы бағалы қағаздар



жөнiнде жүзеге асырылады.

4. Бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімін жүргізуді, эмитентпен жасасқан шартқа сәйкес, тіркеуші жүзеге асырады. <\*>

5 . < \* >

6. Тіркеуші бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімдерін эмитенттердің санына шек қоймай жүргізеді.

7. Бағалы қағаздар ұстаушы туралы мәліметтер бағалы қағаздар рыногы туралы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жеке шоттардың тізіліміне енгізілуге жатады. <\*>

8. Бағалы қағаздар иесінің немесе нақтылы ұстаушының талап етуі бойынша тіркеуші жеке шоттан көшірме беруге міндетті. <\*>

Жеке шоттан берілетін көшірмеде көшірме беріліп отырған бағалы қағаздарға қойылған барлық шектеулер немесе оларды міндеттеу фактілері туралы белгі болуға тиіс. < \* >

9. Бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімін жүргізудің тәртібін, жеке шоттардан берілетін үзінділердің нысандарын, бағалы қағаздар бойынша құқықтарға қатысты бұйрықтардың нысандарын және оларда көрсетілетін мәліметтердің тізбесін уәкілетті орган белгілейді. <\*>

10. Бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөнiндегi шарттың күші тоқтатылған жағдайда барлық деректерді және шарттың күші тоқтатылған күнге жасалған бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімін жүргізу жүйесін құрайтын құжаттарды басқа тіркеушіге өткізіп беру Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Шарттың күші тоқтатылған күннен кейін тізілімінің жеке шоттарынан тіркеуші берген барлық үзінділер жарамсыз болады. Шарттың күші тоқтатылған күннен кейін бағалы қағаздар ұстаушылардың бұйрықтарын орындауға қабылдауға тіркеушінің құқығы жоқ. <\*>

11. Тіркеуші эмитенттің, оның лауазымды адамдарының және дербес немесе аффилиирленген тұлғалармен бірлесіп осы эмитенттің дауыс берілетін акцияларының (үлестерінің, үлестік жарналарының) бес және одан да көп процентін иеленетін әрбір жеке акционерінің (қатысушының) аффилиирленген тұлғасы болуға тиіс емес.

**ЕСКЕРТУ. 34-бап өзгертілді және толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.07.10. N 282 Заңымен .**

**ЕСКЕРТУ. 34-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416 Заңымен .**

**35-бап. Кастодиандық қызмет**

1. Кастодиандық қызмет - банктердің бағалы қағаздар рыногында бағалы қағаздар бойынша құқықтарды тіркеу және есепке алу, құжатты бағалы қағаздарды сақтау және клиенттердің ақшаларын есепке алу жөніндегі қызметі. < \* >

2. Кастодиандық қызметті лицензиялауды уәкілетті орган жүзеге асырады.

3. Кастодиан өз клиенттеріне тиесілі бағалы қағаздардың нақтылы ұстаушысы болуға құқылы.

4. Кастодиандық қызметті жүзеге асырудың шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді. <\*>

**ЕСКЕРТУ. 35-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.11. N 154 Заңымен .**

**ЕСКЕРТУ. 35-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416 Заңымен .**

### **35-1-бап. Трансфер-агент қызметі**

Трансфер-агент қызметі - бағалы қағаздар рыногында азаматтық-құқықтық мәмілелерді жүзеге асыру процесінде ақпарат (құжаттар) қабылдау және беру жөніндегі қызмет .

Лицензиялар беру және қызметтің осы түрін жүзеге асыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

**ЕСКЕРТУ. 35-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416 Заңымен .**

### **36-бап. Бағалы қағаздар бланкілерін шығару <\*>**

1. Бағалы қағаздар бланкілерін шығару жөніндегі қызмет - полиграфия өндірісі бар және бағалы қағаздар бланкілерін шығарудың толық циклы жасалатын полиграфия кәсіпорындарының қызметі.

2. Бағалы қағаздар бланкілерін дайындауға арналған, олардың жасанды жолмен жасалудан және басқа да қиянаттар жасаудан жоғары дәрежеде қорғалуын қамтамасыз ететін арнаулы технологиялар мен жабдықтар болған кезде, сондай-ақ бланкілерді жасау кезінде сақталуын және полиграфия ұйымдарына қойылатын құпиялық режимін қамтамасыз ету жөніндегі жағдайлар болған кезде жасауға рұқсат етіледі.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің құпиялық режимі бойынша және Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі органдарының кәсіпорында құнды заттарды сақтау режимінің жай-күйі туралы қорытындысы болған жағдайда уәкілетті орган бағалы қағаздар бланкілерін жасау жөніндегі қызметке лицензия береді.

4 . < \* >

5. Бағалы қағаздар бланкілерін шығаруға бақылауды уәкілетті орган қажет болған жағдайда басқа мемлекеттік органдардың мамандарын қатыстыра отырып

жүзеге

асырады.

< \* >

ЕСКЕРТУ. 36-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.10. N 282

Заңымен

ЕСКЕРТУ. 36-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416

Заңымен.

## V тарау. Бағалы қағаздардың ұйымдасқан рыноктары

### 37-бап. Қор биржасы

1. Қор биржасы бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушылары құратын акционерлік қоғам нысанындағы өзін-өзі реттейтін коммерциялық емес ұйым болып табылады. < \* >

Уәкілетті органның шешімі бойынша қор биржасының акционерлері бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушылары болып табылмайтын, бірақ заңдарға сәйкес бағалы қағаздардан басқа өзге қаржы құралдарымен мәмілелерді жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлғаларға қор биржасының акцияларын сатып алу құқығы берілуі мүмкін.

2. Қор биржасының қызметі өзін-өзі өтеу принципіне негізделеді және оның қызметінен түскен кірістер биржаны материалдық-техникалық дамытуға пайдаланылады.

3 . < \* >

4. Қор биржасының жұмыс істеуі айрықша болып табылады және кез келген қызмет түрлерін жүзеге асырумен сыйыспайды.

Қор биржасының тауарлық биржалардың міндеттерін орындауға құқығы жоқ.

5 . < \* >

6. Қор биржасының қаржы құралдарымен операциялар өткізілуіне қызмет көрсететін қосымша құрылымдық бөлімшелер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құруға құқығы бар.

ЕСКЕРТУ. 37-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.10. N 282

Заңымен

ЕСКЕРТУ. 37-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 436

Заңымен

ЕСКЕРТУ. 37-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416

Заңымен.

### 38-бап. Қор биржасының міндеттері

Қ о р б и р ж а с ы :

1) өзінің мүшелеріне қаржы құралдарымен мәмілелерді жасау немесе тіркеу

үшін арнаулы жабдықталған үйлер және (немесе) арнаулы бағдарламалық-техникалық кешендер болып табылатын сауда алаңдарын (сауда жүйелерін) б е р е д і ;

2) қаржы құралдарымен сауда жасауды ұйымдастырады;

3) қаржы құралдарына баға кесуді жүзеге асырады;

4) өз мүшелеріне ұйымдық, ақпараттық, консультациялық қызмет көрсетеді;

5) өзінің талдама зерттеулерін жүргізеді;

б) қаржы рыногында (қаржы құралдары мен қаржы қызметтерінің рыногында) құқықтық қатынастар субъектілерінің арасындағы өзара есеп айырысуға (клиринг) заңдарда көзделген тәртіп пен ережелер бойынша жәрдемдеседі;

7) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де міндеттерді жүзеге а с ы р а д ы .

**ЕСКЕРТУ. 38-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.10. N 282**

**З а ң ы м е н**

**ЕСКЕРТУ. 38-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 436**

**З а ң ы м е н**

**ЕСКЕРТУ. 38-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416**

Заңымен .

### **39-бап. Қор биржасына мүше болу**

1. Бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушылары және бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушылары болып табылмайтын, бірақ заңдарға сәйкес бағалы қағаздардан басқа өзге қаржы құралдарымен мәмілелерді жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлғалар қор биржасының мүшелері бола алады.

2. Қор биржасының кемінде он мүшесі болуға тиіс.

Осы Заңда белгіленген талаптарға сай келетін шетелдік заңды тұлғалар биржа мүшелері б о л а а л а д ы .

Биржа мүшелігіне қабылдау туралы шешімді биржа кеңесі қабылдайды.

**ЕСКЕРТУ. 39-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.10. N 282**

**З а ң ы м е н**

**ЕСКЕРТУ. 39-баптың 1-тармағы жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 436** Заңымен .

### **40-бап. Қор биржасын басқару**

1. Қор биржасының органдары, олардың міндеттері мен құқықтары, құрылу және шешім қабылдау тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен, қор биржасының жарғысымен және биржалық сауда ережелерімен белгіленеді. Қор биржасы органдарының қызметінің ерекшеліктерін уәкілетті орган белгілейді.

2. Қор биржасы органдарының құрамына сайланған, бағалы қағаздары осы қор биржасының листингіне енгізілген ұйымдардың лауазымды адамдарының дауыстары листинг мәселелері бойынша шешімдер қабылдау кезінде дауыстарды

санағанда есептелмейді.

3. Қор биржасының жоғары органы шешімдер қабылдаған кезде оның акционерлерінің дауыс саны бірдей болады.

**ЕСКЕРТУ.** 40-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 436 Заңымен .

#### **41-бап. Биржа кеңесі**

1. Биржалық кеңес Қор биржасы директорлар кеңесінің міндеттерін атқарады.

2. Биржа кеңесі акционерлердің, биржаның басқа мүшелерінің, оның лауазымды адамдарының арасынан сайланады.

3. Биржа кеңесінің құрамына уәкілетті органның өкілі тұрақты негізде дауыс беру құқығынсыз кіреді.

**ЕСКЕРТУ.** 41-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.10. N 282 Заңымен .

#### **42-бап. Қор биржасы өндіріп алатын жарналар мен алымдар**

Қор биржасы ақшалай жарналар мен алымдарды мынадай реттерде:

- 1) қор биржасының мүшелігіне өткені үшін;
- 2) қор биржасының мүлкін пайдаланғаны үшін;
- 3) бағалы қағаздар листингі үшін;
- 4) биржа мәмілесін тіркегені және рәсімдегені үшін;
- 5) биржа саудасының жарғысында, ережелерінде көзделген өзге де реттерде өндіріп алады .

**ЕСКЕРТУ.** 42-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 436 Заңымен .

**ЕСКЕРТУ.** 42-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416 Заңымен .

#### **43-бап. Биржаның кірістері**

Қор биржасының кірістері:

- 1) биржалық саудаға қатысушылар төлейтін жарналар мен алымдардан;
- 2) қор биржасының акцияларын сатудан түскен қаражаттан;
- 3) қор биржасының жарғысы мен биржалық сауда ережелерінде көзделген ақпараттық, консультациялық және өзге де қызметтер көрсетуден алынған қаражаттардан құралады .

**ЕСКЕРТУ.** 43-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416 Заңымен .

#### **44-бап. Биржалық мәмілелер**

1. Қаржы құралдарының биржалық саудасына қатысушылар арасында жасалған шарт биржалық мәміле болып табылады. Осы қор биржасында жасалған барлық мәмілелер осы Заңмен белгіленген тәртіпке және биржалық

сауда ережелеріне сәйкес тіркеліп ресімделуге тиіс.

2. Бағалы қағаздармен биржалық сауда жасау ережелерін, сондай-ақ осы ережелерге өзгерістер мен толықтыруларды қор биржасының басқармасы әзірлейді, уәкілетті органмен ол айқындаған тәртіпте келісіледі және қор биржасы мүшелерінің жалпы жиналысында бекітіледі. Бағалы қағаздармен биржалық сауда ережелері бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушыларының қор биржасы ішіндегі қызметін реттейді. Қор биржасының мүшелері келіскен кезде биржа олардың бағалы қағаздардың биржадан тыс рыногындағы қызметін реттеуге құқылы.

3. Бағалы қағаздармен биржалық сауда ережелерінде мынадай қағидалар б о л у ғ а т и і с :

- 1) қор биржасында сауда-саттық жүргізу тәртібі;
- 2) жасалатын мәмілелердің түрлері, оларды тіркеу және есепке алу тәртібі;
- 3) қаржы құралдарға баға кесу тәртібі;
- 4) бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелер бойынша есеп айырысу тәртібі м е н ә д і с т е р і ;
- 5) сауда-саттық өткізілетін орын мен оның графигі;
- 6) биржалық саудаға қатысушылар арасындағы дауларды шешу тәртібі;
- 7) бағалы қағаздарды биржалық саудаға жіберу тәртібі;
- 8) қор биржасын айыппұл өндіріп алатын жолсыздықтардың тізбесі, осы айыппұлдардың мөлшері және оларды өндіріп алу тәртібі;
- 9) биржалық саудаға қатысушылар төлейтін алымдардың, тарифтердің басқа да төлемдердің мөлшері, оларды биржаның өндіріп алу тәртібі;
- 10) биржалық саудаға қатысушылар ауқымы, олардың құқықтары мен м і н д е т т е р і ;
- 11) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес басқа да т а л а п т а р .

4. Қор биржасында айналысқа жіберілген бағалы қағаздарды бір мезгілде басқа қор биржасында не Қазақстан Республикасының аумағында басқа бір ұйымдасқан бағалы қағаздар рыногында айналысқа жіберуге болмайды.

**ЕСКЕРТУ. 44-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.10. N 282**

З а ң ы м е н .

**ЕСКЕРТУ. 44-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 436**

З а ң ы м е н .

**Ескерту. 44-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.07.11. N 237**

З а ң ы м е н .

**ЕСКЕРТУ. 44-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416**

Заңымен .

**45-бап. Биржалық мәмілелерге қатысушылар**

Биржалық сауда-саттыққа биржалық сауданың жарғысында немесе ережелерінде белгіленген тәртіппен қатысуға рұқсат етілген қор биржасының мүшелері қатысады.

#### **46-бап. Қор биржасында айналысқа жіберілген бағалы қағаздар эмитенттерінің міндеттері**

1. Бағалы қағаздары қор биржасындағы листинг рәсімінен өткен эмитенттердің өз қызметі туралы ақпараттарды ашу жөніндегі міндеті, сондай-ақ осындай ақпараттарды беру тәртібі мен мерзімі қор биржасының уәкілетті органмен келісілген ережелерімен белгіленеді.

Бағалы қағаздары қор биржасындағы листинг рәсімінен өткен эмитенттер қор биржасына :

1) жылдың және ағымдағы жылдың әр тоқсанының қорытындысы бойынша қаржылық есептілікті;

2) бағалы қағаздардың алдағы болатын шығарылымдары туралы ақпаратты;

3) эмитенттің орналастырылған акцияларды сатып алуы туралы ақпаратты;

4) акционерлердің жалпы жиналыстары хаттамаларының көшірмелерін;

5) алдағы болатын дивиденд төлеу туралы ақпаратты;

6) осы Заңның 22-бабының 4-тармағында көрсетілген ақпаратты беруге міндетті . < \* >

2. Егер эмитент осы баптың 1-тармақпен белгіленген талаптарды орындамаса, биржа кеңесі эмитентке оның бағалы қағаздарының қор биржасы бағалы қағаздарының тізімінен (осы бағалы қағаздардың делистингінен) шығарылып тасталуы мүмкін екенін ескертеді және осы ескертуді биржа бюллетенінде жариялайды . < \* >

3. Егер эмитент биржа кеңесінің ескертуінен кейін осы баптың 1-тармағында көзделген міндеттерді орындамаса, биржа кеңесі бағалы қағаздарға баға кесуді тоқтата тұру немесе олардың делистингі туралы шешім қабылдауы мүмкін.

**ЕСКЕРТУ. 46-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 436 Заңымен .**

**ЕСКЕРТУ. 46-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416 Заңымен .**

#### **47-бап. Қор биржасында қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер туралы ақпаратты жариялау**

Мерзімді шығарылып тұратын биржалық бюллетенде өткен айда жасалған мәмілелер бойынша жалпы статистикалық деректер, биржалық сауда ережесіне енгізілетін өзгерістер, қор биржасы басқармасы мен акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешімдер, сондай-ақ қор биржасы мен оның мүшелерінің

коммерциялық құпиясы болмайтын басқа да ақпарат болуға тиіс.

**ЕСКЕРТУ.** 47-баптың атауы өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.10. N 282 Заңымен .

#### **48-бап. Қор биржасының жауапкершілігі**

Қор биржасы бағалы қағаздар рыногының субъектісіне келтірілген залалдың орнын толтырады және оған өз міндеттерін лайықты атқармай, осы Заңды, биржа жарғысын, биржалық сауда ережелерін бұзған немесе коммерциялық құпияны жария еткен жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауап береді.

#### **49-бап. Қор биржасының қызметін тоқтату**

1. Қор биржасы өзінің қызметін:  
1) биржаның шешімі бойынша;  
2) сот органдарының шешімі негізінде;  
3) уәкілетті орган биржалық қызметке берген лицензиясын қайтарып алған жағдайда тоқтатады .

2. Лицензияны қайтарып алу туралы шешімге сот тәртібі бойынша шағым жасалуы мүмкін .

**ЕСКЕРТУ.** 49-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416 Заңымен .

#### **50-бап. Биржадан тыс рыноктың баға кесу ұйымы**

1. Бағалы қағаздарға баға кесу және биржадан тыс рынокта бағалы қағаздармен сауда жасауды ұйымдастыру жөніндегі қызметті құрылтайшысы өзін-өзі реттейтін ұйым болып табылатын бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларының қауымдастығы, акционерлік қоғам нысанындағы коммерциялық емес ұйым жүзеге асырады. <\*>

2. Биржадан тыс рыноктың баға кесу ұйымының жұмыс істеуі бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметті қоса алғанда қызметтің кез келген түрлерімен сыйыспайтын айрықша қызмет түрі болып табылады. Биржадан тыс бағалы қағаздар рыногының баға кесу ұйымының лауазымды адамдарын және оған қатысушылар өзіне алған міндеттемелерді орындамаған немесе адал орындамаған жағдайда, сондай-ақ сауданың өзге де ережелерін бұзған жағдайда бағалы қағаздар рыногының субъектісіне келтірілген залалды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өтейді.

3. Бағалы қағаздардың биржадан тыс рыногының баға кесу ұйымының жұмыс істеуі белгілі бір аумақ шегінде қағаз және электронды таратқыштар арқылы бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерге қызмет көрсетуді көздейді және бір сауда алаңында мәмілелер жасаумен шектелмеуі мүмкін.

4. Қор биржасында айналыста жүрген бағалы қағаздармен биржадан тыс рыноктың баға кесу ұйымы арқылы мәмілелер жасауға жол берілмейді.



З а ң ы м е н

Заңымен .

**51-бап. Бағалы қағаздардың биржадан тыс рыногының баға кесу ұйымының сауда-саттығына қатысушылар**

Бағалы қағаздардың биржадан тыс рыногының баға кесу ұйымындағы саудаға қатысушылар оны құрған өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелері болып табылатын бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушылары болады.

**52-бап. Бағалы қағаздардың биржадан тыс рыногының баға кесу ұйымын басқару**

1. Бағалы қағаздардың биржадан тыс рыногының баға кесу ұйымының басқару органдары, олардың міндеттері мен құқықтары, олардың қалыптасу және шешімдер қабылдау тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен, бағалы қағаздардың биржадан тыс рыногының баға кесу ұйымының жарғысымен және ережелерімен белгіленеді.

2. Биржадан тыс рыноктың баға кесу ұйымының жоғары басқару органы шешімдер қабылдаған кезде акционерлердің дауыс саны бірдей болады.

**53-бап. Бағалы қағаздардың биржадан тыс рыногының баға кесу ұйымының кірістері**

1. Бағалы қағаздардың биржадан тыс рыногының баға кесу ұйымының кірістері :

қатысушылардың жарналары мен алымдары;  
ақпараттық, консультациялық және биржадан тыс рыноктағы бағалы қағаздармен сауда жасау жарғысы мен ережелерінде көзделген өзге де қызмет көрсетуден алынған қаражат;

сауда жарғысымен және ережелерімен тыйым салынбаған өзге де кірістер есебінен қалыптасады .

2. Баға кесу ұйымының кірістері оның жұмыс істеуіне және оны құрған өзін-өзі реттейтін ұйымның қызметін жүргізуге жұмсалады.

**54-бап. Бағалы қағаздардың биржадан тыс рыногының баға кесу ұйымындағы мәмілелер**

1. Бағалы қағаздардың биржадан тыс рыногының баға кесу ұйымында мәмілелер кәсіпқой қатысушылардың бағалы қағаздармен мәмілелерді жасау және орындау кезіндегі қызметін реттейтін бағалы қағаздардың биржадан тыс рыногының баға кесу ұйымы дайындаған ережелерге сәйкес жасалады.

2. Бағалы қағаздардың биржадан тыс рыногының баға кесу ұйымының ережелерінде мынадай қағидалар болуға тиіс:

бағалы қағаздардың биржадан тыс рыногының баға кесу ұйымында

айналысқа бағалы қағаздарды жіберу тәртібі;  
бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеу және растау;  
бағалы қағаздармен сауда жасауды қамтамасыз ететін есеп айырысу  
о п е р а ц и я л а р ы н жү р г і з у ;  
бағалы қағаздармен операциялар жасау және олар бойынша есеп айырысу  
кезінде сауда-саттыққа қатысушылар арасында туындайтын дауларды шешу;  
айыппұл салынатын жолсыздықтардың тізбесі, айыппұлдардың мөлшері және  
о л а р д ы ө н д і р і п а л у т ә р т і б і ;  
сұраным мен ұсынымның бағасы және бағалы қағаздармен жасалған  
мәмілелердің көлемі туралы ақпарат беру рәсімі;  
алымдар мен басқа да төлемдердің мөлшері, оларды төлеу тәртібі;  
уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес басқа да  
т а л а п т а р .

3. Биржадан тыс рыноктың баға кесу ұйымының бағалы қағаздармен сауда жасау ережелерін уәкілетті орган бекітеді.

#### **55-бап. Бағалы қағаздармен жасалған мәмілелер туралы ақпаратты жариялау**

Баға кесу ұйымының биржадан тыс рыноктың бағалы қағаздарына баға кесу жөнінде шығарылып тұратын мерзімді бюллетенінде жасалған мәмілелердің саны, биржадан тыс рынокта айналыста жүрген бағалы қағаздарға баға кесу туралы жалпы деректер және уәкілетті органның айқындауы бойынша басқа да ақпарат болуға тиіс.

#### **56-бап. Бағалы қағаздардың биржадан тыс рыногының баға кесу ұйымының қызметін тоқтату**

1. Бағалы қағаздардың биржадан тыс рыногының баға кесу ұйымы өз қ ы з м е т і н :

акционердің шешімі бойынша;  
сот органдарының шешімі негізінде;  
уәкілетті орган бағалы қағаздардың биржадан тыс рыногының баға кесу ұйымының қызметіне бұрын берілген лицензияны кері қайтарып алған жағдайда  
т о қ т а т а д ы .

2. Уәкілетті органның бұрын берілген лицензияны кері қайтарып алу туралы шешіміне сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

## **VI тарау. Бағалы қағаздар рыногы кәсіпқой қатысушыларының өзін-өзі реттейтін ұйымдары**

### **57-бап. Өзін-өзі реттейтін ұйымдарды құру**

1. Өзін-өзі реттейтін ұйым коммерциялық емес ұйым болып табылады және оны бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушылары қауымдастық нысанында құрады.

Бағалы қағаздар рыногының белгілі бір қызмет түрін жүзеге асыратын кәсіби қатысушылары өзін-өзі реттейтін тек бір ұйым құруға құқылы. <\*>

2. Бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушыларының өзін-өзі реттейтін ұйымының негізгі міндеттері:

1) бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушыларының тиімді қызмет ету жағдайларын қамтамасыз ету және бағалы қағаздар рыногындағы қызмет ету әдісін сақтау;

2) бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушылары клиенттерінің мүдделерін қорғау; <\*>

3) бағалы қағаздармен операциялар жүргізу ережелері мен стандарттарын жасау және бекіту болып табылады.

3. Өзін-өзі реттейтін ұйымның құрылуы мен қызметі Қазақстан Республикасының заңдарына және оның жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушылардың қауымдастығы қызметін лицензияның негізінде өзін-өзі реттейтін ұйым ретінде жүзеге асыруға құқылы.

**ЕСКЕРТУ. 57-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.10. N 282**  
Заңымен .

**Ескерту. 57-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.07.11. N 237**  
Заңымен .

**ЕСКЕРТУ. 57-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416**  
Заңымен .

**58-бап. Бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушыларының өзін-өзі реттейтін ұйымның ережелері**

1. Өзін-өзі реттейтін ұйым өз мүшелері үшін міндетті болып табылатын бағалы қағаздар рыногындағы кәсіпқой қызметті жүзеге асыру ережелерін, бағалы қағаздармен операциялар жүргізу стандарттарын белгілейді және олардың сақталуын бақылауды жүзеге асырады.

2. Өзін-өзі реттейтін ұйымның ережелерінде:

1) қызметкерлердің ұйым мүшелерінің (техникалық қызметкерлерді қоспағанда) кәсіби біліктілігіне қойылатын талаптар;

2) бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті жүзеге асыру ережелері мен стандарттары;

3) бағалармен айла-шарғылар жасауды шектейтін ережелер;

4) есеп жүргізу мен есеп беру құжаттамалары;

5) ұйымға кіру, шығу немесе одан шығарып жіберу тәртібі;  
б) өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің ұйымды басқару органдарына сайлану кезінде өкілдік және ұйымды басқаруға қатысу құқықтарының тең б о л у ы ;

7) шығындардың, төлемдердің, алымдардың ұйым мүшелері арасында бөлу т ә р т і б і ;

8) клиенттердің ұйым мүшелеріне қоятын талаптары мен шағымдарын қарау т ә р т і б і ;

9) ұйым мүшелерінің белгіленген ережелер мен стандарттарды сақтауына тексеру жүргізу р ә с і м д е р і ;

10) ұйым мүшелерінің клиенттерге және басқа тұлғаларға қатысты залалды өтеу жөніндегі міндеттемелерін орындау тәртібі;

11) ұйым мүшелеріне қолданылатын санкциялар мен өзге де шаралар және оларды қолдану т ә р т і б і ;

12) ақпараттың бүкпесіз болуын қамтамасыз ету жөніндегі талаптар болуға т и і с .

3. Өзін-өзі реттейтін ұйымның ережелері, сондай-ақ осы ережелерге өзгерістер мен толықтырулар уәкілетті органмен ол айқындаған тәртіпте келісіледі және өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің жалпы жиналысында б е к і т і л е д і .

**Ескерту. 58-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.07.11. N 237 Заңымен .**

**ЕСКЕРТУ. 58-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.05.16. N 416 Заңымен .**

**59-бап. Бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушыларының өзін-өзі реттейтін ұйымының қызметін тоқтату**

Өзін-өзі реттейтін ұйымның қызметін тоқтату Қазақстан Республикасының заңдарында және оның жарғысында белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

## **VII тарау. Қорытынды ережелер**

**60-бап. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттар мен конвенцияларға қатысуы**

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңда көзделген ережелерден өзге ережелер белгіленсе, республика бекіткен халықаралық шарттың ережелер қолданылады.

*Президенті*

*Қазақстан Республикасының*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ